где  $f_2$  – коэффициент трения на опорных поверхностях,  $f_3$  – средний коэффициент трения в резьбе и на опорных поверхностях, можно получить упрощенную формулу для определения момента затяжки  $M$ , необходимого для нагружения резьбовой детали до величины  $P$

$$M = p \cdot \left[ 0,16 \cdot P + f_3 \left( 0,58 \cdot d_2 + \frac{D}{2} \right) \right], \quad (6)$$

где  $D$  – диаметр для определения момента трения на опорных поверхностях, мм.  
В случае различия в коэффициентах трения на головке и в резьбе используется формула, предложенная Джиллем (США)

$$M = K \cdot p \cdot d, \quad (7)$$

где  $d$  – наружный диаметр резьбы, мм; параметр  $K$  можно рассчитать по формуле

$$K = \frac{0,16 \cdot P + f_1 \cdot 0,58 \cdot d_2 + f_2 \cdot D/2}{d}. \quad (8)$$

Значения коэффициентов трения  $f_2$  и  $f_1$  для различных поверхностей и условий смазки приведены в [5].

Максимально допустимый момент затяжки  $M_{max}$  рассчитывается с помощью  $K$ -параметра при наименьших значениях коэффициента трения на опорных поверхностях  $f_2$  и коэффициента трения в резьбовом соединении  $f_1$

$$M_{max} = K_{min} \cdot p_{max} \cdot d. \quad (9)$$

Минимальный установленный момент затяжки характеризует качество процесса затяжки соединения и используемого оборудования. Если применяются гайковерты или затяжка осуществляется вручную с использованием динамометрического инструмента, то номинальный момент может быть достигнут с точностью  $\pm 10\%$ . При этом наименьший установленный момент затяжки составит

$$M_{min} = 0,8 \cdot M_{max}. \quad (10)$$

Оценка качества сборки резьбовых соединений автомобилей с помощью функционала качества  $A_k$  будет не полной без корректирующих коэффициентов  $\bar{X}$ , учитывающих условия эксплуатации. Среднее значение корректирующих коэффициентов  $\bar{X}$  можно рассчитать по формуле

$$\bar{X} = \frac{1}{n} \cdot \sum_{i=1}^n x_i, \quad (11)$$

где  $n$  – количество технических воздействий;  $x_i$  – величины, возникающие во время эксплуатации автомобиля (пробег автомобиля, скоростные режимы, температурные режимы, контроль качества и соответствия применяемых эксплуатационных материалов и т. д.).

**Таким образом, на основании рассмотренного материала можно сделать следующие выводы:**

- работоспособность и надежность узлов и агрегатов автомобилей зависит от качества резьбовых соединений и способа их соединения;
- надежность работы узла определяют достаточный момент и порядок затяжки резьбовых крепежных элементов;
- при затяжке резьбовых соединений с применением обычных способов замера момента затяжки регистрируются усилия, которые могут отличаться друг от друга в 2 раза, что является следствием различных коэффициентов трения между головками винтов или гайками и контактной поверхностью резьбы, различных моментов затяжки при затяжке ручной механической отверткой;
- повышение качества выполнения технического обслуживания и текущего ремонта автомобилей требует более совершенного подхода к сборочным соединениям с использованием резьбовых деталей качественного материала и современных методик затяжки резьбовых соединений;
- рассматриваемая в работе методика затяжки резьбовых соединений в узлах и агрегатах при проведении ТО и ТР автомобилей позволяет определять точные значения моментов



затяжки в случае, когда затяжка резьбовых соединений производится динамометрическим гаечным ключом;

– при использовании метода затяжки с прохождением предела текучести и затяжки по углу поворота может быть достигнуто повышение коэффициента использования резьбовых соединений и надежности автомобиля;

– многофакторный анализ качества сборки резьбовых соединений автомобилей с помощью функционала качества  $A_k$  позволит прогнозировать ресурс резьбовых соединений автомобиля с учетом конструкционных и технологических факторов и условий эксплуатации;

– материалы статьи могут быть использованы в учебном процессе при подготовке бакалавров по направлению подготовки 6.070106 «Автомобильный транспорт» и 5В071300 «Транспорт, транспортная техника и технологии» при изучении дисциплины «Основы технологий производства и ремонта автомобилей»;

– материалы статьи могут быть использованы в учебном процессе при подготовке специалистов по специальности 7.070106 «Автомобили и автомобильное хозяйство» и 6М071300 «Транспорт, транспортная техника и технологии» в дисциплинах: «Организация и управление производством технического обслуживания и ремонта автомобилей», «Управление авторемонтным производством», «Ресурсосберегающие технологии при проведении ремонта», при выполнении дипломного проекта.

#### Литература

1. Петросов В. В. Ремонт автомобилей и двигателей / Петросов В. В. – М.: Академия, 2007. – 224 с.
2. Дюмин И. Е. Ремонт автомобилей / И. Е. Дюмин, Г. Г. Трегуб; под ред. И. Е. Дюмина. – М.: Транспорт, 1995. – 280 с.
3. Епифанов Л. И. Ремонт автомобилей и двигателей / Л. И. Епифанов, Е. А. Епифанова. – М.: ИНФРА-М, 2010. – 352 с.
4. Саранча Г. А. Метрологія, стандартизація, відповідність, акредитація та управління якістю: підруч. / Саранча Г. А. – К.: Центр навчальної літератури, 2006. – 672 с.
5. Березовский Ю. Н. Детали машин / Березовский Ю. Н., Чернилевский Д. В., Петров М. С.; под ред. Н. А. Бородина. – М.: Машиностроение, 1983. – 384 с.
6. Автомобильный справочник. Перевод с англ. – М.: За рулем, 1999. – 896 с.
7. Олишевская В. Е. Основные марки конструкционных углеродистых сталей, применяемых при производстве и ремонте автомобилей / В. Е. Олишевская, Г. С. Олишевский, А. А. Савченко // Науковий вісник Національного гірничого університету. – 2010. – № 5. – С. 70-73.

UDC 622,244.

#### OIL TREATMENT TECHNOLOGICAL DEVELOPMENT AT AN OIL REFINERY

**V.G. Nekrassov, A.Z. Murzagaliev, A.A. Murzagaliev**

*Zhangir Khan West Kazakhstani Agrarian Technical University, Uralsk, Kazakhstan  
K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan.*

*Мақалада мұнайдан газ және су фракцияларын гравитациялық тәсілдері арқылы айыру қарастырылған. Тауарлы мұнайды дайындау барысында одан су фракциясын айыру үшін ортадан тепкіш типті қондырғыларды қолдану тиімділігі көрсетілген.*

*В статье рассматриваются вопросы технологии сепарации жидких и газовых фракции нефти гравитационными методами. Доказывается эффективность использования*

*принципа центрифугирования в сепарации воды от нефти на стадии подготовки товарной нефти.*

Кілт сөздер: *технологиялық жобалау, гравитациялық сұрыптау, судық, мұнайдың тығыздығы, мұнайдың тұтқырлығы, технологиялық шығындар, гидроциклондар, ортадан тепкіш, қондырғылар.*

Ключевые слова: *технологическое проектирование, гравитационные сепаратора, плотность нефти, вязкость нефти, технологические потери, гидроциклоны, центрифуга.*

Kazakhstan has vast hydrocarbon resources. According to the level of adding oil reserves the country is among the top 15 countries, ranking 9th place. The country has 172 oil and 42 gas condensate fields, 11 of which are large. Kazakhstan is the largest producer of oil in the Central Asian region [1, 2]. The country has about 60 oil producing companies.

Oil in deposit layers is a mixture of light hydrocarbons – methane (CH<sub>4</sub>) and high-molecular ones like bitumens. Besides, in deposits oil forms an oil-water emulsion, and contains the dissolved salts.

The objective of oil-producing companies is not only extraction of oil from the bowels, but also its treatment up to the standard requirements of commercial oil pumped through pipelines and accepted for processing at refineries. [3]

For this reason oil from wells arrives at the point of oil treatment. The technology of oil treatment includes operations of heating oil up to 60°C, degassing, which causes removal of light oil fractions from oil that evaporate under atmospheric pressure and temperature lower than 30°C, water and dissolved salts are separated from oil.

Oil-producing enterprises are planned in accordance with administrative standards of technological design [4]. Gas and water separation technology at the facilities of oil producing enterprises is based on the use of gravity separators. Two-phase separators (the separation of oil and gas, oil and water separation), three-phase (separation of oil, gas and water), additional end gas separators and water depositing tanks are used, and the final water holding is held in the storage tanks of commercial oil. Due to the use of gravitational forces for separation all devices are bulky structures (pictures below).



Figure 1. End-gas separator



Figure 2. Water depositing tank

Gravity separation is widely used in various branches of engineering. [5] Separation of materials, both solid and liquid, occurs due to different densities in the gravitational force field. Since the density of water is equal to  $1 \text{ ton} / \text{m}^3$  and oil density is  $0.75\text{-}0.8 \text{ m} / \text{m}^3$ , i.e. the difference in the density of water and oil is only  $0.2\text{-}0.25 \text{ ton} / \text{m}^3$ , the process of separation of water and oil lasts for a long time. As for the separation of gas from oil, high viscosity of oil reduces the speed of separation of liquid and gas oil units and oil despite the considerable difference in density. These factors lead to the fact that proper separation of gas and liquid oil fractions, as well as separation of water requires bulky equipment, and the process is long, which requires the use of several separation steps. This leads to the fact that the point of oil treatment is a complicated technological object occupying a big production space, characterized by a large metal consumption for oil treatment equipment.

In addition, low intensity of separation of oil components results in high process losses of hydrocarbons.

Centrifugal separators, in which the separation of liquid and gas fraction components are produced in a centrifugal force field, are widely used. Centrifugal separators in which the fluid undergoing separation is subjected to rotation by feeding into a cylindrical or conical chamber through a tangentially fixed input nozzle are distinguished. Such devices of centrifugal separation are known as hydrocyclones [6]. The starting speed and rotation of the liquid flow in hydrocyclones is carried out by pumping the separated liquid stream, the diameter of the cyclone chamber and the size of the inlet nozzle.




Figure 3- Construction and operation of the hydrocyclone (on the example of separation of liquid pulp): 1- inlet connection; 2 - a cylindrical body part; 3 – drain connection for light fractions); 4 - central tube; 5 - conical part of the body; 6 - drain nozzle to remove sediment.

According to this principle hydrocyclone can separate oil and gas fractions. The most effective application of centrifugal forces is realized in centrifuges. [7] In the centrifuge rotation force is given by supplying the separated substance into a rotating drum of the centrifuge.

As the centrifugal forces exceed gravitational ones substantially, the separation of oil components will be carried out, firstly, faster, and secondly, more efficiently.

Due to the use of centrifugal separators, such as hydrocyclones, and centrifuges oil treatment technology can be considerably simplified, metal consumption will be reduced, and the quality of releasing gas and water from oil will be higher.

It should be noted that the principle of centrifugation for demulsification and separation of water from oil is considered effective [8]. However, industrial application of the methods of centrifugal separation in oil treatment technology has not yet been found. Currently centrifugation techniques in oil production are considered in relation to the processing of oil slime, drilling mud; removal of oil from the field and wastewater; removal of water from crude oil [9].

At present centrifugation of oil is used in the laboratory analysis of oil and mud processing. However, the technology of oil treatment at oil refineries centrifugal separation techniques has not found application yet. At the same time, these methods are promising; as they reduce the metal consumption of oil treatment equipment, improve the quality of releasing gas fractions and water. In general, centrifugal methods in oil treatment technology can be considered promising, therefore, there are good reasons for carrying out work on their development at oil producing enterprises.

### References

1. Analysis of the oil industry of Kazakhstan // Presentation of JSC "The rating agency of the Regional Financial Centre of Almaty-city" Almaty, 2012, p.67, Mode of access: <http://www.rfcaratings.kz/ru/node/27>
2. The main branches of the fuel and energy complex of Kazakhstan. Presentation on the economy of Kazakhstan, p. 17. Mode of access: [www.testent.ru](http://www.testent.ru)
3. GOST 51858-2002. Oil. State standards, standards. Mode of access: [polymery.ru> gost\\_info.php? G\\_id = 47.](http://polymery.ru/gost_info.php?G_id=47)
4. Objects of the oil and gas industry, made using block and block-integrated devices. Norms of technological design. GNP 01/87 / 04-84. Ministry of oil and gas industry, Gas Industry Ministry, the Ministry of Petroleum Industry. Moscow, 1984 / Access: [www.complexdoc.ru/ntdpdf/481836/obekty\\_gazovoi\\_i\\_neftyanoi\\_promyshlennosti\\_vypolnennye\\_s\\_primeneniem\\_blochn.pdf.](http://www.complexdoc.ru/ntdpdf/481836/obekty_gazovoi_i_neftyanoi_promyshlennosti_vypolnennye_s_primeneniem_blochn.pdf)
5. Gravity Separation. Mode of access: [www.viven.ru> separation.](http://www.viven.ru/separation)
6. Hydrocyclones. Mode of access: [http://www.oil-filters.ru/hydrocyclones.php.](http://www.oil-filters.ru/hydrocyclones.php)
7. Industrial Centrifuges. Mode of access: [http://www.oil-filters.ru/centrifuges.php.](http://www.oil-filters.ru/centrifuges.php)
8. Centrifugation. Mode of access: <http://xn--80aaakjoeag4b2boc1a.xn--p1ai/2011/12/centrifugirovanie/>
9. Industrial centrifuges and decanter system. Mode of access: [http://www.zondir.ru/articles/promyishlennyye-tsentrifugi-i-dekanternyie-sistemyi.htm.](http://www.zondir.ru/articles/promyishlennyye-tsentrifugi-i-dekanternyie-sistemyi.htm)

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**  
**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**  
**Philological Sciences**

ӘОЖ 809.434.2

**Онтопсихоллингвистика ғылымының бастау көздері туралы**

**К.К. Садирова, Н.Б. Тайпақова**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*  
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье рассматриваются виды формирования онтопсихоллингвистики.  
Types of ontopsychoinguistics formation are considered in the article.

Ключевые слова: *онтопсихоллингвистика, язык ребенка, связь психологии и лингвистики, логопедия*  
Key words: *ontopsycholinguistics, child language, relationships of Psychology and Linguistics, Logopedia*

Ғылыми зерттеулерде онтопсихоллингвистиканың бастау көздеріне мыналар жатқызылып жүр:

- 1) бала тілі лингвистикасы
- 2) сөз психологиясы
- 3) логопедия
- 4) мектепте сөз өнерін/тіл мәдениетін оқыту әдістемесі
- 5) нейролингвистика.

К.Ф. Седовтың көрсетуінше, осы аталған ғылым салалары онтопсихоллингвистиканың бала тілі деген тұтас ғылымға бірігуіне әкелді. Енді бұлардың әрқайсысына тоқталсақ:

**1. Бала тілі лингвистикасы**

Бала тілі туралы ғылымның біртұтас қалыптасуында тіл білімінің маңызы ерекше. Лингвистер бірінші болып бала тілінің қалыптасуын зерттеу мәселесін көтерді. Лингвистердің қорында көп жылдық бақылаулар жазылған күнделіктер бар, сол жазбалар арқасында зерттеушілер баланың өз ана тілі әлеміне қалай енетіні туралы қорытындылар жасай алды. Әсіресе, баланың бір жастан жеті жасқа дейінгі тілінің қалыптасу кезінің сипаты, заңдылықтары туралы мәліметтер толық десе де болады. Орыс тіл білімінде бұл салада Гвоздев А.Н. көп еңбек сіңірген. Бұл бағытта Бала тілі лингвистикасының петербургтік (Ленинградтық) мектебінің тарихи мәні бар. Ол мектептің негізін қалаушы ғалым С.Н.Цейтлин. Ол онтогенезде тіл жүйесінің қалыптасуын зерттейтін тіл білімінің саласын **онтолингвистика** деп атауды ұсынды [1].

**2. Сөз психологиясы**

Сөз психологиясы жас ерекшелік психоллингвистикасына теориялық іргетас болды, ол сөз онтогенезі үдерісін заттық-таңбалық, әлеуметтік-когнитивтік тұрғыдан толықтыруға мүмкіндік берді. Бұл бағыттағы тұжырымдар психология ғылымының классиктері Л.С.Выготский [2], А.Р. Лурия [3], Н.И.Жинкин [4] т.с.с. зерттеулерінде берілді.

Жас ерекшелік психоллингвистикасының қалыптасуына басты ықпал еткен – сөздің қалыптасуы туралы тұжырым. Бұл концепция Л.С.Выготскийдің «Мышление и речь» зерттеуінде толық тұжырымдалған. Қысқаша айтсақ, бұл тұжырымның негізгі мәні мынадай:

1. Сөздің түзілуі не туындауы ойдың сөзге / мәтінге өту үдерісі, ол мынадай кезеңдерден тұрады: (1) түрткінің болуы, (2) ойдың түзілуі, (3) ішкі сөздің (ойдағы сөздің) түзілуі, (4) айтылымның моторлы жүзеге асуы.

2. Ішкі сөздің (ойдағы сөздің) айтылған (сыртқы) сөзден сапалы ерекшелігі бар, ішкі сөз болашақта айтылатын сөздің қысқа конспектісі, айтылымда сөз жеке дара эмоционалды-жағдаяттық тұлғалық мәнге ие болады.

3. Ішкі сөз – сөз санасының (речевое сознание) ұзақ уақыттық эволюциясының нәтижесі. Мектепке дейінгі жастағы балада ол қалыптаспайды. Кішкентай балада әуелі сыртқы, яғни **эгоцентрлік сөз** дамиды, әуелі ол сөзді айтады да, сонан кейін ол баланың ішкі тілдік санасына бекітіледі. Осылайша сырттан айтылған сөздің ішкі қысқа сөзге айналуы **сөздің интериоризациялануы** деп аталады. Психологияда аталып жүргеніндей, ішкі сөздің қалыптасу тетіктері 10 жаста толық аяқталады [2].

Л.С.Выготскийдің аталған тұжырымдарын А.Р.Лурия мен Н.И.Жинкин жалғастырды. Н.И.Жинкиннің енгізген жаңалығы – эмбебап заттық кілт (универсальный предметный код) туралы болжамы. Оның айтуынша, адамның санасының тереңінде сөзбен берілмейтін ерекше интеллект – эмбебап заттық кілт болады. Өз сөзімен келтірсек: «Мышление ... протекает не на каком-то национальном языке, а на особом языке, вырабатываемым каждым мыслящим человеком» [4, 83]. Н.И.Жинкин эмбебап заттық кілтті ойдың алғашқы формасы, бұл кілтсіз сөздің түзілуі де, түсінілуі де мүмкін емес деп қорытады. Нақ осы эмбебап заттық кілтте болашақ айтылымның мәні жазылады. Ішкі сөздегі хабарламаның қалыптасуы мұнан әрі заттық-сызба тілінен сөзге көшу үшін қайта кілттену (перекодирование) үдерісінде орындалады. Бірақ сөзде ойдың екінші мәрте тууы жүзеге асады, ең алдымен ол ой эмбебап заттық кілт таңбасында түзілген. Мұндай үдерісті Л.С.Выготский өз еңбегінде былай сипаттаған: (...) мысль и слово оказываются с самого начала вовсе не скроенными по одному образцу. В известном смысле можно сказать, что между ними существует скорее противоречие, чем согласованность. Речь по своему строению не представляет собой простого зеркального отражения строения мысли. Поэтому она не может надеваться на мысль как готовое платье (...). Мысль, превращаясь в речь, перестраивается и видоизменяется [2, 307-308].

#### **4. Оқушының тілін дамыту әдістемесі**

Бала тілі туралы ғылым біраз уақыт бұрын өз іргесін практикалық педагогикадан алшақ ұстады. Гуманитарлық ғылымдағы антропоэзектілік бағыт, қоғамдағы соңғы он жылдағы әлеуметтік өзгерістер шебер сөз сөйлеу өнеріне деген сұранысты арттырды. Шебер сөз сөйлеу өркениетті толерантты қарым-қатынас ұстанымдарын қалыптастыру қажеттілігін туғызды. Сондықтан қазіргәі заманға лайық толыққанды тілдік тұлға қалыптастыру талабы туды. Ол мектеп риторикасының дамуына жаңа серпін берді, ал бұл өз кезегінде бала тілін дамыту әдістемесін туғызды. Сондықтан бала тілінің қалыптасуына ықпал ететін әдістер қарастырылатын бала тілін дамыту әдістемесі онтопсихолингвистиканың бастау көздерінің бірі болып табылады. 6-7 жаста баланың тілдік тұлға сапасында қалыптасу бағыты өзгереді. Бұл жаста бала ана тілінің жүйесін толық игереді. Оның алдында өзге міндеттер туады. Н.И.Жинкиннің сөзімен айтсақ, «бала бұл жаста ашық мәтін алаңына шығады, ғарышқа ұшқан ғарышкер тәрізді болады» [4, 110]. Бұл кезде коммуникативтік құзыреттіліктің эволюциясының негізгі бағыты тіл емес, сөз, нақты айтқанда, - дискурс, яғни біртұтас сөз әрекеті болады. Ал бала дискурсының стратегиясы мен тактикасын зерттеуге лингвистика ғылымы дайын болмай қалды, сондықтан да дискурс құрылымының қалыптасу проблемасын «тілдік емес» деп бағалау жеңілірек болды.

Мектеп оқушыларының тілін зерттеуде онтопсихолингвистика әдістемелік, әсіресе, М.Р.Львовтің [5], Т.А.Ладыженскийдің [6] зерттеулеріне сүйенеді. Бұл мәселе Ресейдің Воронеж риторикалық мектебінде қарастырылған. Олардың өкілдері, атап айтқанда, Лемяскина, Стернин, Чернышова өз зерттеулерінде балалардың коммуникативтік әрекетіне назар аударып, зерттеу нысанына айналдырады.



### 3. Логопедия

Логопедия – дефектология саласы, ол бала тілі дамуындағы ауытқулар мен кемшіліктерді зерттейді, арнайы оқулар мен тәрбиелеу арқылы кемшіліктерді түзеу жолдарын іздейді.

**Логопедия пәні** – сөйлеу аномалиялары, нақты айтсақ, сөздің қалыптасуы мен қызметінің нормадан ауытқуы. Р.Е.Левиннің дұрыс атап көрсеткеніндей, логопедиядағы қарастырылатын сөздегі өзгерістер мен оның қалыптасуындағы жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын өзгерістерді шатастырмау керек. Мысалы, белгілі бір жасқа дейін баланың кей дыбыстарды дұрыс айта алмауы, сөздік қорының шектеулі болуы, сөйлемді дұрыс құра алмауы сөз қызметін игеру барысындағы қалыпты құбылыс, нақты айтқанда, физиологиялық құбылыс болып саналады. Оны бала тілінің қалыптасуындағы ауытқу, патологиялық кемшілік деуге болмайды. Оқушы грамматиканы, жазу нормаларын, жазбаша сөзді бірден және қатесіз қабылдай алмайды, бұл нормадан ауытқуға жатпайды. Бірақ бұларды сөйлеу мен жазудағы арнайы логопедтің қатысуын қажет ететін ауытқуларды ажыратуда шатастырып алуға болмайды [7, 266].

Сондықтан логопедияның дамуында туындаған мәселе: жас ерекшелігі болып саналатын сөздің қалыптасуындағы ауытқу мен сөйлеу кемістігін қалай ажырату керек? Осы сұраққа шешім іздеу салдарынан бала дамуының қалыптасу нормасын сипаттау туындады. Бұл онтопсихолингвистиканы толықтырады.

Логопедтердің жұмыс мазмұны мен бағыттары жас ерекшелік психолингвистикасының ұстанымдарымен ортақ болып келеді.

Бұл біріншіден, **даму ұстанымы**, ол сөйлеу кемістігін талдау үдерісі болып саналады. Сөйлеудегі кемістіктердің көрінуінің статистикалық сипаттамасын анықтай отырып, олар не себепті пайда болуда деген мәселені міндетіне алады.

Логопедиялық зерттеудің қолданатын тағы бір ұстанымы – **жүйелі зерттеу ұстанымы**.

Бұл сөйлеудегі кемістікті тілдік деңгейлер, атап айтқанда, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық-семантикалық деңгейлер жүйесіндегі және сөйлеу әрекеті компоненттерінің жүйесіндегі байланыстан іздестіреді.

Логопедиялық жұмыс жүргізудің үшінші ұстанымы – **психикалық дамудың өзге қырларымен сөздің байланысы**. Бұл ұстанымды жүзеге асыру логопедтің сөйлеу кемістігі табиғатын анықтауда оның адам психикасының басқа қырларымен, нақты атасақ, сенсорлық, эмоционалды-еріктік, интеллектуалдық салада байланыста алып талдау жасауына мүмкіндік туады.

Бұл ұстанымдарды Р.Е.Левин 20-ғасырдың 60-жылдардың аяғында қалыптастырды, бүгінгі күнге дейін бұл ұстанымдар қазіргі логопедияның **онтогенетикалық ұстанымымен** жақсы үндеседі. Онтогенетикалық ұстаным мазмұнына сөздің формасы мен қызметінің пайда болу бірізділігін, сонымен бірге онтогенезде бала әрекеттерінің түрлерінің пайда болу бірізділігін есепке алу енеді, түзету-логопедтік әсер ету әдістемесін дайындауда пайдаланады [7, 31].

Онтогенетикалық тұрғыдан зерттеуді жүзеге асырудың теориялық негізі – жас ерекшелік психолингвистикасының тұжырымдамалық ережелер жүйесі. О.Е.Грибова бұл туралы былай жазады: «Психолингвистический аспект онтогенетического принципа необходим при анализе речевого нарушения, так как помогает логопеду выявить специфику дизонтогенеза различных клинических форм речевого недоразвития соотношение первичных и вторичных нарушений, прогнозировать эффективность коррекционной работы» [8, 38-39].

Логопедия психолингвистикамен тығыз қатынаста болады. Сөздің дамуындағы ауытқуды түзеу мен сөйлеуді дамыту мақсатында жұмыстанатын мамандар «психолингвистика – логопедия» байланысын мойындайды, екеуін теориялық-практикалық біртұтастықта таниды, психолингвистиканы логопедтің практикалық әрекетінің теориялық іргетасы деп санайды.

Қазіргі логопедияның үлкен жетістігіне бала тілінің фонетикасы мен фонологиясының зерттеу нәтижелерін алуға болады. Сөзді, дыбыстарды айтудағы кемшіліктерді түзету

(дислалииді), жазудағы қатені түзету (дисграфиді) логопедті сөздің мәнін қабылдау мен сөздің түзілу құпиясын, артикуляциялық тетіктердің жұмысын, дыбыстарды естуде ажырату тетіктерін терең зерттеуге итермелейді, бұның нәтижесі сапасында жас ерекшелік фонетикасы проблемасының арнайы ғылыми зерттеу нысанына айналып, нәтижесінің жариялануын айтуға болады.

#### **4. Нейролингвистика**

**Нейролингвистика** – сөз әрекетінің мида ұйымдасуын зерттейтін психоллингвистиканың бір саласы. Онтопсихоллингвистика көп уақытқа дейін нейролингвистикамен бірлескен зерттеу жүргізбеген. Адам миының құрылымы оның онтогенезде дамуының жеке ерекшеліктері жеке тұлғаның коммуникативтік портретін қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Бұл мәселеге қатысты ғалымдарды мынадай сұрақтар толғандырады: неліктен балалардың ойлауы теорияшылар мен суретшілер типіне жіктеледі, кіші мектеп жасындағы ер балалардың қыздарға қарағанда дамуы баяу болады, неліктен олар кейін қыз балаларды басып озады, солақайлықты немен байланыстыруға болады т.с.с.? Бұл мәселелердің шешімінің әлеуметтік сұраныстық мәні де бар, атап айтқанда, қарапайым адамдар ми құрылымы мен қызмет ету заңдылықтарын білу арқылы өздерінің ұл-қыздарының болашақ әрекеттерінің сәттілігі немен байланысты болатынын ұғуға тырысады.

«**Ми – сөз – тұлға**» мәселесінің арақатынасы қазір тек медик-афазиологтердің ғана проблемасы емес, қазіргі азаматтардың «қалыпты метасанасының» мазмұнын анықтайтын мәселе болып отыр. Медицинадан алыс адамдардың да қарапайым күнделікті қарым-қатынасы «тұрмыстық» болжам мен өзін-өзі болжамдау үшін физиологияға көбірек назар аудара бастады. Психоневрологиялық емханадағы ауруларды бақылау арқылы қалыптасқан тәжірибе олардың сөйлеуінің кемістігі ми қызметінің бұзылуынан болатынын көрсетті, сондықтан нейролингвистикада сау адам миының қызметтік ерекшеліктері бастағы назарда болады. Сондықтан оның зерттеу нысанына жоғарыда айтылғандардан басқа, ми құрылымының ерекшелігіне сай сөз бен ойлау типінің тәуелділігі мәселесі, мидың тілдік қызметті дамытудағы үдерісі, ер адам мен әйел адам миының ерекшеліктері т.с.с. проблемалар енеді. Осы және өзге де сұрақтарға сөз онтогенезінің мида ұйымдасуына нейролингвистика жауап береді.

Нейролингвистика шетелде 1950-1960 жылдары қалыптасқан. Ол үш ғылымның тоғысуында пайда болған: неврология, психология, лингвистика. Бұл ғылым саласының пайда болуы афазиологияның практикалық қажеттілігін қанағаттандырудан туындады, басқаша айтқанда, бас миының зақымдануынан пайда болған сөйлеуде кемістігі бар адамдарды емдеу жолдарын іздестіруден туындаған. Ресей нейролингвистикасының «атасы» болып А.Р. Лурия аталады, ол нейролингвистиканы ғылым ретінде былай анықтайды: «сөйлеу әрекетінің мидағы тетіктерін зерттейді, сронымен бірге мидың жергілікті зақымдануынан туындайтын сөйлеу үдерісіндегі өзгерістерді зерттейді» [3, 3]. Нейролингвистиканың алғашқы жетістігі сөйлеудегі кемістіктерді түзету мен болжау міндетіне сай практикалық сипатта болды. Бірақ психология мен лингвистиканың тығыз байланыстылығы оның жекеленуіне, өзінің теориялық сала болуына әкелді, өзінің зерттеу пәні мен зерттеу әдістеріне ие болды. Дегенмен, К.Ф.Седовтің көрсетуінше, нейролингвистика психоллингвистиканың саласы болып табылады, практикалық педагогика мен медицина саласынан психоллингвистикаға ығысып меншіктелген. Жоғарыда аталған ғылым салалары жас ерекшелік психоллингвистикасының немесе онтопсихоллингвистиканың теориялық базасына айналды.

#### **Әдебиеттер**

1. Цейтлин С.Н. Язык и ребенок: Лингвистика детской речи.- М., 2000
2. Выготский Л.С. Мышление и речь.- М.: Лабиринт, 2005.
3. Лурия А.Р. Язык и сознание. - М., 1999
4. Жинкин Н.И. О кодовых переходах во внутренней речи // Жинкин Н.И. Язык – речь – творчество (Избранные труды).- М., 1998.



5. Львов М.Р. Тенденции развития речи учащихся. М., 1979. Вып.2.
6. Ладыженский Т.А. Живое слово: Устная речь как средство и предмет обучения: Учебное пособие. -М., 1986.
7. Левина Р.Е. Предмет логопедии // Селиверстов В.И. История логопедии: Методико-педагогические основы.- М., 2004
8. Грибова О.Е. «Онтогенетический принцип» в логопедии // Психолингвистика и современная логопедия.- М., 1997

ӘОЖ 802.0

## **Қ.Жұбановтың дауысты дыбыстарға берген фонетикалық сипаттамасы**

**Н.А. Садуақас, Қ. Балтабаева**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье анализируются данные фонетического описания К.Жубановым гласных звуков казахского языка.

Data on K. Zhubanov's phonetic description of a vowel in the Kazakh language are analyzed in the article.

Ключевые слова: звук, гласный звук, фонетическое описание, К.Жубанов.

Key words: sound, vowel, phonetic description, K. Zhubanov.

Қазақ тілі фонетикасының ғылым саласы ретінде қалыптасуына Құдайберген Жұбановтың қосқан үлесі зор деп білеміз. Қазақ тіл білімінде фонетика мәселелері арнайы ғылым саласы ретінде алғаш рет Қ.Жұбановтың 1936 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының фонетика бөлімінде жүйелі түрде қарастырылған еді. Ғалым осы еңбегі арқылы фонетика саласындағы басты-басты категорияларға анықтама беріп, ғылыми талдау жасап, жүйелі түрде баяндай отырып, қазақ фонетикасының алғашқы ғылыми курсының негізін қалап, кейінгі зерттеулерге ғылыми дұрыс бағыт көрсетіп, қазақ фонетикасының ғылым негізінде одан әрі жан-жақты тексерілуіне жол ашты. Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі дыбыстарды үш топқа топтастыра отырып, “Дауысты дыбыс болатын - а, е, о, ұ, ы, ұу, ый - жетеуі”, - дейді [1.170]. Орыс тілінде дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігі сөз мағынасын айқындауға қатысады десек, ал қазақ тілінде дыбыстың жуан-жіңішкелігінің фонологиялық кезеңі болмайды. Ғалым қазақ тілі дыбыстарының өзіндік табиғатына сай, фонологиясы тұрғысынан қарап: “Жазуда дауысты дыбыстардың жуанын бір әріппен, жіңішкесін бір әріппен таңбалаймыз да, дауыссыздар мен сонорлардың жуанын да, жіңішкесін де бір-ақ әріппен таңбалаймыз”, - дейді [1.170]. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болып жұптасып бөлінуі тіліміздің өзіндік ішкі заңдылықтарынан туындайды. Себебі дауыстылардың жуан, не жіңішке қолданылуына байланысты қазақ сөздерінің лексика-грамматикалық мағынасы өзгеріп, олардың екі түрлі фонема екендігін көрсетсе, ал орыс тіліндегі дауыстылардың жуан-жіңішке естілуі сөздің ішкі лексика-грамматикалық жақтарына әсерін тигізіп, өзгертіп жібермейді. Яғни, қазақ тіліндегі дауыстылардың жуан-жіңішкелігінің фонологиялық кезеңі болады. Ал орыс тіліндегі дауыстылардың жуан-жіңішке болып бөлінбеуі әр тілдің өзіндік табиғи заңдылықтары бар екендігін танытады. Қ.Жұбанов тіліміздің дыбыс жүйесіндегі осы ерекшеліктерді ескере отырып, **а, о, ұ, ы, ұу, ый** дауыстыларын жуан, **ә, ө, ү, і, е, үу, йй** - дауыстыларын жіңішке дыбыстар деп таңбалайды. Орыс тіліндегі дауыстылар қазақ тіліндегідей жуан-жіңішке болып бөлінбегенмен де, көрші тұрған дауыссыз дыбыстардың сапасына байланысты түрлі ренде айтылады десек, Қ.Жұбанов қазақ тілі дауысты дыбыстарының өзіндік ерекшеліктерін дәл танып, жуан-жіңішкелігіне қарай бір-бір таңбамен белгілеуді дұрыс деп тапқан. Қазақ

тілінде бір буындағы дауыстының жуан-жіңішкелігіне қарай онымен тіркеске түскен дауыссыздар да жуан-жіңішке айтылатыны белгілі. Тілімізде бір сөз құрамындағы барлық дауыстылар да, дауыссыздар да сингармонизм заңдылығы бойынша бірдей тембрмен айтылады.

Жеке бір дыбыс белгілі бір ғана сөйлеу мүшесі арқылы жасалмайды, қайта, барлық артикуляциялық мүшелердің қатысы арқылы жасалады. Бір дыбыстың екінші дыбыстан өзгеше болуы осы сөйлеу мүшелерінің өз қалпын әртүрлі ыңғайда өзгертіп отыруына байланысты. Сондықтан артикуляциялық мүшелердің қатысына қарай кейбір дыбыстар акустикалық жағынан да ұқсас болуы мүмкін. Қ.Жұбанов: “Дыбыстардың әрқайсысы әртүрлі бола тұрып, бірінің дыбысталуы біріне өзгелерінен гөрі жуықырақ болып отырады. Мысалы, дауысты дыбыстардың әрқайсысы өз алдына бір дыбыс бола тұрып, барлық дауыстылар бір-біріне өзге дыбыстардан гөрі жуықырақ болады. Сондықтан дыбыстарды үйір-үйір қылып топтауға болады”, - деп, дыбыстау түріне қарай дауысты дыбыстарды 1). Толық дауыстылар; 2). Келте дауыстылар; 3). Қосынды дауыстылар деп үш топқа бөледі [1.171].

Ол толық дауыстыларға *a/ə, e, o/ө* дыбыстарын, келте дауыстыларға *ы, і, ұ, ү*, ал қосынды дауыстыларға *ұу/уу, ый/йй* дыбыстарын жатқызған. Сөйтіп, Қ.Жұбанов қазақ тілінде жеті дауысты дыбыс бар екенін, олардың *e* дыбысынан басқасы жуан-жіңішке болып келетінін айтқан. Олар: *a, ə, e, o, ө, ы, і, ұ, ү* және қосынды дауыстылар *-ұу/уу, ый/йй* [1.170].

Қосынды дауыстылар деп, басқа дауыстыларға қоспай, бөлек қарастыруының өзі ғалымның үнемі ізденіс үстінде болып, бұл дыбыстардың табиғаты өзгеше, әлі анықтауды қажет ететіндігін танығандығы деп білеміз. Қ.Жұбанов қосынды дыбыстардың жуан-жіңішкелігі фонематикалық қызмет атқармайтынын білгендіктен олардың орнына бір таңба алу қажеттігін айтып, «Қосар ма, дара ма?» атты мақаласында *ұу/уу* - орнына «*у*», ал *ый/йй* қосынды дыбыстарының орнына «*й*» таңбасын алуды ұсынды. Осындай әріптерді енгізу арқылы ғана кемшіліктен арылуға болатынын айтты.

Қ.Жұбанов қазақ тілінің дыбыс жүйесінде екі қосынды “дыбысты” қосқанда барлығы он бір дауысты дыбыс бар деп білген. Кезінде Н.И.Ильминский қазақ тілінде сегіз дауысты дыбыс бар деп, «*ə*» дауыстысын «*a*» дыбысының варианты ретінде түсініп, оны дербес фонема деп есептеген жоқ еді [2.5]. Ал Радлов қазақ тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар деп дұрыс айтқан. Ол «*и, у*» дыбыстарын сонорларға қоспай, аралық немесе жарты дауысты деп, дауыссыз дыбыс ретінде таныған. П.М.Мелиоранский де тоғыз дауысты дыбысты атайды да, оларға қоса *ай, ау, ей, еу, ой, өй, өу, уө, уа* - деген т.б. қосарлы дауыстылар бар деп білген. Ол «*ə*» фонемасын «*a*» мен «*e*»-нің аралығындағы дыбыс деп санаған.

А.Байтұрсынов қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде тоғыз дауысты дыбыс бар деп білген. Бірақ А.Байтұрсынов «*и, у*» әрпімен таңбаланған қосар дыбыстарды «жарты дауысты, орта дыбыстар» деп атап, кейіннен «шала дауысты» дыбыстар тобында қараған.

Қ.Жұбанов: “Қосынды дауыстылар бір дауысты, бір дауыссыз екі дыбыстан құралған: *ұу - ұ+у, ый - ы+й*. Сондықтан бірде таза дауысты дыбыс бола тұрып, бірде тігісінен сөгіліп екі дыбыс болып кетеді”, - деп, акустикалық ерекшеліктерін дәл көрсете тұрып, екі қосарды дауыстылар қатарында қарайды [1.171]. Латын жазуын қабылдағанда “қазақ тілі дыбыстарының табиғатын тануымыз сол бұрынғы күйінен көп ұзамағандықтан” деп, бұл қосар әріппен берілетін дыбыстарды дауыстыға жатқызып, қосынды дауысты дыбыс терминімен атай отырып, іс жүзінде оларды бір келте дауысты, бір дауыссыз дыбыстан біріккен диффузды екі дара дыбыс деп таныған. Ғылым жетістіктері тұрғысынан зерттелген еңбектерде де «*и, у*» монофтонг, енді бірінде дифтонгидтар деп пікір айтушылардың болғанын ескерсек, Қ.Жұбановтың “қосынды” деп танығаны да үлкен жетістік болатын. Кезінде Ж.Аралбаев та осы орайда мынадай пікір айтқан еді: “Сөйтіп, «*и, у*» дауыстысының бірінші компоненті қысаң дауыстылар да, екінші көмескі компоненті сонор – «*и, у*» деп білеміз. «*И, у*» дауыстыларының бірінші негізгі компоненті дауысты екенін, екіншісі сонор екенін қалай байқауға болады? Дауыстылар артикуляциясында фонациялық ауа кедергісіз еркін шығады да, дауыссызда кедергілі

мүкіс шығады. Осыған қарағанда, «**и, у**» артикуляциясында екі артикуляциялық басқышты көреміз (іштен келе жатқан фонациялық ауа кедергісіз басқыштан кедергілену басқышына өтіп шығады) [2.36]. Бұған қоса «**и, у**» қосындыларын дауысты дыбыстарға жатқызған пікірлер кейінгі кездегі оқулықтарда да жүрді. І.Кеңесбаев: “Қазіргі қазақ тілінде мынандай тоғыз жалаң дауыстылар (монофтонг) бар: **а, е, ы, і, ә, о, ө, ұ, ү**. Бұдан басқа мынадай екі қосынды дауыстылар (дифтонгоид) бар: **и, у**”, - дейді [3.228]. К.Бейсенбаева оқулығында: “Дифтонг дыбыстарда жиынды екі дыбыстың негізгі үні анық: көтеріңкі айтылады да, жанама қосынды үні оған қарағанда, едәуір көмескі, бәсең солғын айтылады”, - деп, «**и, у**» - тұйық дифтонг деген пікір айтылған. [4.25]. С.Мырзабеков өз оқулығында қазақ тілінің байырғы сөздерінің құрамында тоғыз (**а, ә, о, ө, е, ұ, ү, ы, і**) дауысты дыбыс бар екенін айтады. Ол «**и, у**» - таңбаларының әрқайсысы екі дыбыстың **ұу, үу, ыу, іу, ыі, іі** қосындысы екенін, дауыстыға жатпайтынын, оларды орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздердің дыбыстық құрамында кездесетін дауысты «**и, у**» дыбыстарымен шатастырмау керектігін, қазақ тіліндегі байырғы сөздерде мұндай дауысты дыбыстың жоқ екенін айтады [5.33].

Қ.Жұбанов **ыі, іі, ұу, үу** - қосынды дыбыстар екендігін, бірақ бір-бір таңбамен **/и, у/** белгілеу керектігін айтып, басқа дауыстылардан бөлектеп, қосынды дауыстылар терминімен атағаны дұрыс десек те, қазіргі ғылым жетістіктері бұларды дауысты дыбыс деп танымайтындығын көрсетеді. Қазіргі кездегі орфографиямызда осы «**и, у**» таңбалары тіліміздің фонологиялық заңдылығына нұқсан келтіріп жүргенін айта кеткен жөн. Бұл туралы Ә.Жүнісбеков: «Фонологиялық заңдылықтар ескерілмеген жағдайда немесе қазақ жазуын «**и, у**» әріптерімен “жетілдіру” сипатты шешімдердің әсерінен тетелес ұрпақтың-ақ сөз сазында күрт өзгерістер болып жатады. Соның нәтижесінде үлкеннің сөзі (дыбысталуы) кішіге, кішінің сөзі үлкенге түрпідей естіліп жатады», - деп, қазіргі орфографиямыз бен орфоэпия арасындағы алшақтықты көрсетеді. Ендеше, Қ.Жұбанов қазақ тілі дыбыстарының фонологиялық ерекшеліктерін анықтауға барынша назар аударған болса, оның ісін жетілдіріп, ғылым жетістіктерімен ұштастыру кейінгілердің, яғни қазіргі ғалымдардың еншісіне тиді.

Қ.Жұбанов дауысты дыбыстарды дыбыстау түріне қарай үш топқа бөлді дедік. Ол толық дауыстылар қатарында **а, ә, е, о, ө** - дыбыстарын атап: “Толық дауысты дыбыстардың дауыстылығы толық, жеткілікті болғандықтан, қандай жағдайда да өз сапасын жойып жарымайды, сол күйінде айтылады”, - дейді [1.13]. Ғалым бұл дауыстыларды айтылу жағынан гөрі естілу жағына көбірек назар аударып, соған сай жіктегендігін көреміз. Ж.Аралбаев та қазақ тілі дауыстылары үш түрлі, ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік, фонематикалық топқа жіктелетінін, олардың фонематикалық оппозиция деп көрсеткен еді [2.39]. Қ.Жұбанов **ы, і, ұ, ү** - дыбыстарын келте дауыстылар деп атайды. “Келте дауыстылар өте мүкі айтылатын болғандықтан бірде сапасынан айрылып, жоғалып кетеді де, бірде әнмен айтқанда - толық дауыстыға айналып кетеді. Бұлар тегінде толық дауыстылардың келтеленген түрі ғана”, - дейді [1.171]. Ғалым осы анықтамасы арқылы келте дауыстылардың акустикалық ерекшеліктерін дұрыс көрсеткенін көреміз. Ғалымның бұл дыбыстар “бірде сапасынан айрылып, жоғалып кетеді” деген пікірі қазіргі редукция заңдылықтарымен ұштасып жатыр. Ал бұл дыбыстар екінші буында редукцияға бейім тұратынын білеміз. І.Кеңесбаев түркологиялық еңбектерде дауыстылардың жұп-жұбымен жіктелуін шартты нәрсе деп ұғуымыз керектігін, себебі айтылуы мен естілуі үнемі біркелкі сыңарлас болуы мүмкін еместігін айтады. Жұп-жұбымен бөлінгенмен, олардың аралық түрі болатынын, «а, ә» фонемасы мейлінше ашық, ал «**у**» мейлінше қысаң, қалғандары осы екеуінің аралығында бірде ашыққа, бірде қысаңға бейім айтылуына қарай, екі топтың біріне телініп отыратынын, сондықтан «**е, о, ө**» - ашыққа, «**ы, і, ұ, ү**» - қысаңға есептелетінін айтады [3.237]. С.Мырзабеков «**а, ә**» - ашық, «**о, ө, е**» - жартылай ашық дауыстылар да, «**ұ, ү, ы, і, и, у**» - қысаң дауыстылар деп таниды. Ол: “Ашық дауыстыларды айтқанда астыңғы жақ (үстіңгі жақ қозғалмайды) барынша төмен түседі де, қысаңдарды айтқанда жоғары көтеріледі. Басқаша айтқанда, ашықтарды айтқанда екі жақ

бір-бірінен қашықтай түседі де, қысандарды айтқанда бір-біріне жуықтай түседі. Алайда ауаның еркін шығуына кедергі жасамайды. Ал жартылай ашықтар осы екеуінің аралығында айтылады”, - дейді [5.37]. Дауыстылардың жақтың қатысына қарай жіктелуін тілдің тік (вертикаль) бағытта қозғалуы түрінде танысақ, орыс тілінде дауыстыларды тік және көлбеу бағыттағы тілдің қозғалысына қарай жіктейтіні еске түседі. Қ.Жұбанов дауыстыларды акустикалық жағынан көрегендікпен дұрыс жіктеген деп білеміз. Себебі, біріншіден, Қ.Жұбановтың толық дауыстылары қазіргі ашық дауыстыларға, келте дауысталар қысаң дауыстыларға сәйкес келсе (**и, у**-дан басқасы), екіншіден, ғалым **и, у**-ды келте (қысаң) дауыстыларға қоспай, қосынды дауыстылар (қазіргідей ашық-қысаң деп екіге бөлмей) деп үшінші бір топта бөлек қараған. Демек, ғалым қосынды дыбыстардың табиғаты бөлек екендігін аңғарған деп білеміз. Оның бұл ізденісінің сырына көпке дейін түсінбей келген болатынбыз. Агглютинативті тілдерде фонематикалық оппозиция мен сингармонизм бірімен-бірі тығыз байланысты екенін ескерсек, Қ.Жұбановтың қазақ тілі дауыстыларын олардың ішкі табиғатына сай жіктей білгенін көреміз. Ж.Аралбаев: “Қысаң дауыстылар абсолюттік сан жағынан (**и, у** - дан өзгелері) келте, ашық дауыстылар созылыңқы айтылады”, - деген болатын [2.39]. Қазіргі кезде дауыстыларды жақтың қатысына қарай топтасақ, Қ.Жұбанов дыбысталу түріне қарай толық, келте деп жіктеген. Ашық дауыстыларға қарағанда өздерінің акустикалық және физиологиялық табиғатына қарай қысаң дауыстылар екі-екі жарым есе қысқа айтылады екен. Демек, жақтың ашылуына қарай дауыстылар толық айтылса, жақтың қысылып тұруына қарай дыбыс келте естіледі десек, Қ.Жұбановтың зерттеулері мен қазіргі еңбектер бір мәселеге екі жақтан келіп, бірін-бірі толықтырып тұр. Осы орайда, А.Байтұрсынов та «дауысты дыбыстардың ашық, я көмескі болмағы - ауыздың көп, я аз ашылуынан болады. Ауыз көп ашылғанда шыққан дыбыс ашық болады, ауыз тарылғанда шыққан дыбыс тұйықтау болады. Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс «а» барша дыбыстан ашық; сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жәй тарылса – «Ә», дөңгелектеніп тарылса – «О», онан әрі тарылғанда үшінші дәрежедегі дыбыстар шығады», - деген еді [6.396].

Қ.Жұбанов дауыстыларды толық, келте деп жіктеуде олардың естілу жағына көбірек назар аударса, кейінгі ғалымдар зерттеулерінде әр қырынан қарастырылғанын көреміз.

Қ.Жұбанов жасалу түріне қарай дауыстыларды ерін дауыстылары, езу дауыстылары деп екіге бөлген де, ерін дауыстыларына **о/ө, ұ/ү**; езу дауыстыларына **а/ә, ы/і, е** дыбыстарын жатқызады: “Ерін дауыстыларын шығарғанда ерін сүйіріліп ілгері ұмтылады да, езу жиылады; Езу дыбыстарын айтқанда езу жиылмайды, ерін сүйрмейді”, - дейді [1.172].

Қазақ тілі дауыстыларын жіктеген кезде А.Байтұрсынов аңғал (**а, е, ы**) және қымқырулы (**о, ұ**) деп бөліп, аңғалы орын талғамайтынын, ауа ауыз арқылы еркін өтетінін, ал қымқырулы немесе қымқырынды бас буыннан басқасын сүймейтінін, оны айтқанда ерін қымқырылатынын айтқан болатын [6.375]. Еріндік, езулік деп оппозициялық екі топқа бөлуіміз сингармонизм заңдылықтарын түсінуге көмектеседі десек, артикуляциялық жағымен қатар, дауыстыларды өзіндік ішкі ерекшелігіне қарай Қ.Жұбановтың бұлайша топтастыруы түркі тілдері үшін, әсіресе, қазақ тілі үшін сингармонизмнің маңыздылығын терең сезіне білуден туындаса керек.

Сонымен, қорыта айтсақ, Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарға (**а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, ұу, ый**) төмендегідей мінездеме берген:

**А** дыбысы - дауысты, дыбысталу түріне қарай толық немесе ашық, жасалу түріне қарағанда езу дауысты және жуан айтылады;

**Ә** дыбысы - дауысты, дыбысталу түріне қарай ашық (толық) дауысты, жасалу түріне қарай езу дауысты, жіңішке айтылады;

**О** дыбысы - дауысты, дыбысталу түріне қарай ашық(толық) дауысты, жасалу түріне қарай ерін дауыстысы, жуан айтылады;

**Ө** дыбысы - дауысты, дыбысталу түріне қарай ашық (толық) дауысты, жасалу түріне қарай ерін дауыстысы, жіңішке айтылады;

**Е** дыбысы - дауысты, дыбыстау түріне қарай ашық (толық) дауысты, жасалу түріне қарай езу дауыстысы, жіңішке айтылады;

**Ұ** дыбысы - дауысты, дыбыстау түріне қарай, келте, жасалу түріне қарай ерін дауыстысы, жуан айтылады;

**У** дыбысы - дауысты, дыбысталу түріне қарай келте, жасалу түріне қарай ерін дауыстысы, жіңішке айтылады;

**Ы** дыбысы - дауысты, дыбысталу түріне қарай келте дауысты, жасалу түріне қарай езу дауысты, жуан айтылады;

**І** дыбысы - дауысты, дыбысталу түріне қарай келте дауысты, жасалу түріне қарай езу дауысты, жіңішке айтылады;

**Ұу/уу** - қосынды дауыстылар, ерін дыбыстары, **ұу** - жуан, **уу** - жіңішке айтылады;

**Ый/йй** - қосынды дауыстылар, езу дыбыстары, **ый** - жуан, **йй** - жіңішке;

Дауыстылардың ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып фонематикалық үш топқа бөлініп, фонематикалық оппозиция жасауы тіліміздің өзіндік ішкі заңдылығынан туындаған ерекшеліктері болып табылады. Қазіргі қазақ фонетикасында Қ.Жұбанов еңбектеріндегі ғылыми ізденістер өзінің ғылыми құндылығын жоғалтпай, жалғастығын үзбей, одан әрі дамып келеді.

### **Әдебиеттер**

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1966. - 362 б.
2. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. - Алматы: Ғылым, 1988. - 144 б.
3. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. - Алматы: Мектеп, 1975. - 304 б.
4. Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. - Алматы: Респ. баспа кабинеті, 1995. - 89 б.
5. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 217 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.

ӘОЖ 81'23

### **Қазақстандықтардың құндылықтарының тілдік бейнесі**

**Э.Д. Сүлейменова, Ж.Қ. Мұзбаева**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Алматы қаласы, Қазақстан*

Данная статья посвящена выяснению образа ценностей казахстанцев в языке. В работе рассмотрены место и роль ценностей в жизни человека и общества, уровень исследования ценностей имеющих философскую категорию, а также образ ценностей казахстанцев в процессе глобализации и модернизации. Особое внимание уделяется определению значимости приоритетных ценностей для жизни граждан страны в ежегодном послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу. Также, был проведен ассоциативный анализ ценностей молодых, пользующихся социальными сетями.

Образ ценностей казахстанцев имеет большую значимость в определении перспективы страны для многонационального Казахстана. Потому что, из-за воздействия современных факторов, как охват всемирной глобализации, развитие информационно-коммуникативных технологий, в языковом образе разных этносов, государств и жителей система ценностей проявляется по-разному. Следовательно, положительное или негативное развитие ценностей по своим внутренним способностям могут содействовать объединению или же распылению общества. Это явление непосредственно влияет на характер членов общества, а также их образу жизни и языку. Поэтому выяснение образа ценностей казахстанцев в языке будет большим достижением в сфере языкознания.

This article is devoted to clarification of an image of Kazakhstani citizens' values in the language. In the work the place and role of values in the life of people and society, level of research of the values possessing philosophical category, and also an image of values of Kazakhstani citizens in the course of globalization and modernization are considered. Special attention is paid to determination of the importance of priority values for the citizens' life in annual Messages of the President of Kazakhstan Nazarbayev N. A. to the people. Also, the associative analysis of values of young people using social networks was carried out. The image of values of Kazakhstani citizens is of great importance in defining the prospect of the country for multinational Kazakhstan because due to the impact of modern factors such as the world globalization, development of information and communicative technologies the system of values is revealed differently in a language image of different ethnoses, states and nations. Therefore, positive or negative development of values according to the internal abilities can cause either integration or decomposition of the society. This phenomenon directly influences the character of members of society, as well as their way of life and language. Therefore clarification of an image of values of Kazakhstani citizens in the language will be a breakthrough in the sphere of linguistics.

*Ключевые слова: ценность, языковой образ, антропоцентризм, казахстанцы, ассоциативный анализ, послание, молодежь, безопасность, толерантность.*  
*Keywords: value, language image, anthropocentrism, Kazakhstani citizens, associative analysis, message, youth, safety, tolerance.*

Бүгінгі таңда тіл білімінде антропоэзектік бағыт үстемдік алып, адам факторына ерекше мән беріліп отыр. Антропоэзектік бағытқа сәйкес тіл адамның ойлау жүйесімен іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Тіл мен адамның өзара байланысының қатынасында құндылықтардың тілдегі көрінісін анықтау ғылыми ізденістерді қажет етеді.

Құндылық адамның өмірін мәнді сәнді ететін түсініктер жүйесі. Адам баласының тарихында қандай қиындықтар болса да адамды адам етіп қалдыратын рухани тіректер қалыптасты. Осы рухани тіректер бірте-бірте құндылықтарға айналды. Құндылықтар шындықты реттейді, оған мән, мағына, маңыз береді. Құндылық – адам қажеттілігінің бейнесі. Ол зат немесе идея болуы мүмкін [1, 457].

Әрбір адамның немесе әлеуметтік топтың өзіне тән құндылықтары бар. Сол секілді, қоғамда құндылықтар жүйесі арқылы тіршілік етеді. Мемлекеттің қалыптасуы және дамуы, ұлттың мықтылығы әрі келешегінің кемел болуы құндылықтармен тығыз байланысты. Мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы жетістіктері мен құндылықтары Елбасының халыққа жолдауында жан-жақты көрініс тауып келеді. Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы жолдаулары мемлекеттің даму бағыттарын айқындаушы құжат іспеттес. Осы орайда, қазақстандықтардың құндылықтарының тілдік бейнесін анықтауда Президент Н.Ә. Назарбаевтың халыққа арналған жолдауларына (1997-2014 ж.ж) контент талдау жүргізілді.

#### **1 кесте – ҚР Президентінің халыққа жолдауларындағы (1997-2014ж.ж) құндылықтардың жиілік талдау көрсеткіші**

